

ХҒТАР 14.35.07

ӨОЖ 374.1

<https://doi.org/10.52269/KGTD253236>**ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР**

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Санатбай П.А.* – PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Батанасова Б.Е. – PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында трансверсалды дағдыларды дамытудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – шетелдік ғылыми жобаларға салыстырмалы талдау жүргізу арқылы трансверсалды дағдылардың құрылымын, мазмұнын, бағалау тәсілдерін айқындау және отандық білім беру контекстінде оларды тиімді дамыту жолдарын эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып негіздеу. Зерттеу әдіснамасы теориялық және эмпирикалық әдістерді біріктіретін аралас тәсілге негізделді. Теориялық деңгейде трансверсалды дағдыларға қатысты халықаралық жобалар мен фреймворктар (ATS2020, VSKA, TRANSMOD және т.б.) мазмұны жүйеленіп, контент-талдау әдісі қолданылды. Эмпирикалық кезеңде екі жоғары оқу орнында 150 студенттің қатысуымен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Зерттеу нәтижелері болашақ педагогтардың трансверсалды дағдыларды меңгеру деңгейін, олардың даму ерекшеліктерін, ықпал етуші факторларды және оқу үдерісіне енгізудің әдістемелік негіздерін айқындауға мүмкіндік берді. Білім алушылардың ақпараттық сауаттылығы, сыни және шығармашылық ойлау қабілеті, коммуникативтік дағдылары диагностикалық құралдар арқылы бағаланды. Мақала нәтижелері трансверсалды құзыреттіліктерді кәсіби даярлық құрылымына кіріктірудің теориялық және қолданбалы негіздерін нақтылап, педагогикалық практикада пайдаланудың тиімді жолдарын ұсынады. Алынған нәтижелер педагогикалық кадрларды даярлау сапасын арттыруға және білім беру мазмұнын жаңғыртуға бағытталған стратегиялық шешімдер қабылдауға негіз бола алады.

Түйінді сөздер: трансверсалды дағдылар; XXI ғасыр дағдылары; жұмысқа жарамды дағдылар; ғылыми жобалар; салыстырмалы контент-талдау.

НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ПРОБЛЕМЕ РАЗВИТИЯ ТРАНСВЕРСАЛЬНЫХ НАВЫКОВ

Асылбекова М.П. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

Санатбай П.А.* – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

Батанасова Б.Е. – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты развития трансверсальных навыков в процессе профессиональной подготовки будущих учителей в системе высшего педагогического образования Казахстана. Цель исследования – на основе сравнительного анализа зарубежных научных проектов выявить структуру, содержание и методы оценки трансверсальных навыков, а также определить пути их эффективного развития в контексте отечественной образовательной системы, опираясь на результаты эмпирического исследования. Методология исследования основывалась на смешанном подходе, объединяющем теоретические и эмпирические методы. На теоретическом уровне был проведен контент-анализ содержания международных проектов и рамок компетенций (ATS2020, VSKA, TRANSMOD и др.). Эмпирический этап включал проведение экспериментального исследования с участием 150 студентов двух вузов. Полученные результаты позволили оценить уровень сформированности трансверсальных навыков, выявить особенности и факторы их развития, а также предложить методические рекомендации по их внедрению в образовательный процесс. Диагностика охватывала такие навыки, как информационная грамотность, критическое и творческое мышление, коммуникативные способности. Результаты исследования уточняют теоретические и прикладные основания интеграции трансверсальных компетенций в структуру профессиональной подготовки. Полученные данные могут стать основой для принятия стратегических решений, направленных на повышение качества подготовки педагогических кадров и обновление содержания образования.

Ключевые слова: трансверсальные навыки; навыки XXI века; пригодные для работы навыки; исследовательские проекты; сравнительный контент-анализ.

SCIENTIFIC RESEARCH ON THE PROBLEM OF THE DEVELOPMENT OF TRANSVERSAL SKILLS

Assylbekova M.P. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Sanatbay P.A.* – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Batanassova B.Y. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

This article examines the theoretical and practical aspects of developing transversal skills in the professional training of future teachers within Kazakhstan's higher pedagogical education system. The study objective is to identify the structure, content, and assessment methods of transversal skills through a comparative analysis of international scientific projects and to determine effective ways to develop these skills in the national educational context based on empirical research results. The research methodology is based on a mixed approach combining theoretical and empirical methods. At the theoretical level, a content analysis of key international projects and competency frameworks (ATS2020, VISKA, TRANSMOD, etc.) was conducted. The empirical stage involved an experimental study with 150 students from two universities. The results made it possible to assess the level of transversal skills acquisition, identify development factors, and propose methodological recommendations for integrating these skills into the learning process. The diagnostics focused on information literacy, critical and creative thinking, and communication skills. The findings clarify the theoretical and applied foundations for incorporating transversal competencies into professional training. The results may serve as a basis for strategic decisions to enhance teacher training quality and modernize educational content.

Key words: transversal skills, XXI century skills, fit-for-work skills, research projects; comparative content analysis.

Қысқашы. Жаңа цифрлық дәуір және жаһандану жағдайында кез келген кәсіби салада маманның қалыптасуы негізгі құзыреттіліктерді, біліктер мен дағдыларға үнемі талдау жүргізуді қажет етеді. Себебі қазіргі әлемдік цифрлық трансформация нарықта бар мамандарға қойылатын талаптардың жүйесін озып, жаңа мамандықтар мен ғылыми бағыттардың пайда болуы жоғары оқу орындарының түлектерінен еңбек нарығының өзгермелі жағдайына, жаңа технологияларға бейімделуді талап етеді. Бұл орын алып жатқан өзгерістер болашақ мамандардың бойында кәсіби құзыреттіліктермен қатар трансверсалды дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды.

Трансверсалды дағдылар ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерде негізгі дағдылар, жалпы дағдылар, өтпелі дағдылар, жұмсақ дағдылар, еңбекке тарту дағдылары, XXI ғасыр дағдылары ретінде белгілі. Сонымен бірге, бұл дағдылар инновация мен бәсекеге қабілеттіліктің негізгі элементтері болып табылады және қызметкерлерді ынталандыруға, өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал етеді, осы арқылы еңбек сапасы мен өнімділігін арттырады.

Трансверсалды дағдылар мамандардың қазіргі күрделі және өзара байланысты әлемде жұмыс істеуі үшін маңызды дағдылар. Бұл дағдылар «күрделі нәтижелердің» көрінісі ретінде сипатталады, себебі дағдылардың, мінез-құлық үлгілерінің, бағдарлардың, мотивациялардың, құндылықтардың және ұғынудың интеграцияларын қажет етеді. Трансверсалды дағдылардың негізінде кешенді ойлау, логикалық пайымдау және коммуникативті дағдылар жатыр.

«Трансверсалды дағды» (transversal skills) өзінің ұзақ эволюциялық даму жолына қарамастан білім беру кеңістігінде біршама жаңа ұғым. Ілгері уақытта «трансверсалды» ұғымының қызметі математика, компьютерлік ғылымдардың теориясы мәнімен шектелген. В.А. Кононова өзінің зерттеу жұмысында осы «трансверсалды» ұғымының эволюциясын XIX ғасырдан бастап, қазіргі таңдағы адам қызметінің басқа түрлерінде таралу саласы кеңейгенге дейін қарастырған [1]. Мәселен,

- сызықтық алгебра, дифференциалды және геометриялық топология ұғымы ретінде кеңістіктің қиылысу мүмкіндіктерін сипаттайтын және жанамаға қарама-қарсылықты білдіреді [2];

- геология саласында трансверсалдылық көлденең таужыныстардың шөгу құбылысының сипаттамасына айналды [2];

- машина жасау саласында трансверсалды-изотропты материалдардың беріктік критерийлері ретінде қарастырады [2];

- философиялық дискурстарда «трансверсалды» ұғымы өткен сана-сезімдерді нақты және шынайы ұстап қалуды меңзейді [3];

- заманауи психологияда осы ұғым трансверсалды сәйкестілік және қазіргі нарциссистік шындық ретінде қолданылады [4];

- әлеуметтік мәдениетте трансверсалдылықты постмодерндік рефлексия үдерісінің ерекшелігі, танымның әртүрлі салалары арасындағы тәртіптік шекараларды үздіксіз қиылысып өту процесі деп түсіндіріледі [5];

- менеджментте, кәсіби өзара әрекеттесуде трансверсалдылық билік ресурстарын пайдаланбай бүкіл компаниялар тобының жоғары тиімді жұмысын қамтамасыз ететін жеке қызметкерлер, бөлімшелер және компаниялар арасындағы көлденең және диагональды байланыстар деп анықтайды [6].

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, трансверсалдылық мәселесі білім беру кеңістігінде, білім беру қызметтерінің нарығында аса сұранысқа ие болды. Бұл салада соңғы онжылдықта «трансверсалды дағды», «трансверсалды құзыреттілік» ұғымдары пайда болып, білімге негізделген қазіргі қоғамда сұранысқа ие жеке дағдылардың сапалық сипаттамалары ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы да жалпы әлемдік тенденцияларға сүйене отырып, «Сапалы білім: Білімді ұлт» ұлттық жобасын іске асырады, оған сәйкес жаңа буын мұғалімі – бұл цифрлық қоғамдағы ақпарат ағынын ұстануға, өзінің педагогикалық қызметін тиімді жүзеге асыру үшін дағдыларға ие трансверсалды тұлға: дизайн ойлау, жаһандық азаматтық, сыни және инновациялық ойлау, шығармашылық және коммуникативтілік. Осы тұрғыда болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне жаңа талаптар қойылуда, соның бірі болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделі және оны ЖОО-ның білім беру процесіне енгізу әдістемесін әзірлеу. Ол үшін алыс шетелдегі ғылыми жобаларға контент-талдау қажеттілігі туындайды.

Трансверсалды дағдылар білім беру парадигмасы ретінде ресми құжаттарда, жобалық және зерттеу тәжірибелерінде білімге негізделген қоғамдағы ең елеулі педагогикалық идеялардың бірі деп көрсетілген. Мәселен, 2017 жылы жарық көрген Еуропалық комиссияның «White Paper on the Future of Europe» бағдарламалық құжатында өзгермелі қоғам жағдайында болашақ мамандарда жаңа біліктіліктерді қалыптастыру және білім беру мен үздіксіз оқыту жүйелерін қайта қарау қажеттілігі туындайтыны белгіленген [7]. Едәуір дәрежеде бұл жаңа біліктіліктерге трансверсалды дағдыларды жатқызуға болады. В.А. Кононованың зерттеуіне сүйенсек, трансверсалды дағдылар біржақты кәсіби дағдыларға қарама-қарсы және топта жұмыс істей алу қабілетін, тиімді қарым-қатынас құру, әрекетшіл бола білу, шығармашылықпен ойлай білу және мәселелерді шеше алуды қарастырады [1]. Бұл дағдылар жұмыс берушілер тарапынан көбірек сұранысқа ие, себебі олар мамандарға бәсекелестік, жылдам экономикалық, демографиялық, технологиялық және экологиялық өзгерістер жағдайында күнделікті қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

Еуропалық комиссияның зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, трансверсалды дағдылар ұғымына адамдармен жұмыс жасай білу қабілеттері, академиялық емес дағдылар, жеке тиімділік дағдылары, әмбебап/жұмсақ дағдылар түсініктерін де қамтиды [8]. Осыған орай қазіргі таңда «трансверсалды дағдылар» ұғымына берілетін анықтамаларда кейбір айырмашылықтар көрінеді. Мәселен,

- маман бойындағы барлық әлеуетін жан-жақты, толық ашуға мүмкіндік беретін ХХІ ғасыр дағдылары [9];

- жеке адамдарға тиесілі дағдылар және олар жұмыс орындары мен мамандықтарына қатысты. Бұл дағдыларды білім беру немесе кәсіби дайындыққа қатысу арқылы дамытуға болады. Жалпы алғанда, бұл дағдылар бір контексте немесе ерекше жағдайды/проблеманы игеру үшін дамыған және оларды басқа контекстке ауыстыруға болады [10, 11];

- әдетте кез келген жұмыс, оқу немесе өмірлік іс-әрекетте тиімді әрекет ету үшін қажетті немесе құнды деп саналатын алынған және дәлелденген қабілеттер. Трансверсалды дағдылардың «өтпелі» сипатта болуы белгілі бір контекстпен байланысты еместігінде (жұмыс, кәсіп, академиялық тәртіп, азаматтық немесе қоғамдық белсенділік, кәсіби сектор, кәсіби секторлар тобы және т.б.) [12];

- бұл әдетте жұмысқа, тапсырмаға, академиялық пәнге немесе білім саласына байланысты емес, бірақ әртүрлі жағдайлар мен жұмыс жағдайларында қолдануға болатын дағдылар. Бұл дағдылар студенттерге өзгерістерге сәтті бейімделу және мағыналы, өнімді өмір сүру үшін сұранысқа ие бола бастады. Трансверсалды дағдыларға: тұлғааралық дағдылар, тұлғаішілік дағдылар, медиа және ақпараттық сауаттылық, жаһандық азаматтық, сыни және инновациялық ойлау және басқалар [13];

- жалпы дағдылар ретінде қарастырылады және soft skills дағдыларын (қарым-қатынас, мәселелерді шешу білігі, топтық жұмыс және мотивация), АКТ, тілдік және когнитивті дағдыларды (ынтымақтастық, келіссөз жүргізу және ақпарат алмасу) қамтиды. Еңбек нарығында, білім бері және басқа да салаларда, әлеуметтік аймақта трансверсалды дағдылар маңызды болғанымен, олар байқалмады және оны бағалау қиынға соғады [14].

Бұл анықтамалар бірнеше аспектілер бойынша ерекшеленді, бірақ олардың барлығы өзара байланысты және дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтаудың басқа категорияларымен байланысты (негізгі дағдылар, жұмысқа жарамды дағдылар, негізгі құзыреттер, 21 ғасыр дағдылары және т.б.).

2015 жылы Бангкокта жарияланған «Білім беру саясаты мен тәжірибесінде трансверсалды дағдылар» өңірлік баяндамасында трансверсалды дағдылар тек жастардың экономикалық прогрессі үшін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени өзгерістерді қолдау және технологияға негізделген күрделі және дамушы қоғамдарда өмір бойы білім алу үшін маңызды болып саналады [15]. Көптеген елдер трансверсалды дағдыларды төзімділік пен өзара сыйластықты ынталандыру үшін

қажет деп санайды және бұл атрибуттар трансверсалды құзыреттіліктің көптеген ұлттық анықтамаларына енгізілген.

Сонымен, трансверсалды дағдылар мамандардың қазіргі күрделі және өзара байланысты әлемде жұмыс істеуі үшін маңызды болып саналады. Көптеген ғалымдардың пікірінше бұл дағдылар «күрделі нәтижелердің» көрінісі ретінде сипаттайды, себебі дағдылардың, мінез-құлық үлгілерінің, бағдарлардың, мотивациялардың, құндылықтардың және ұғынудың интеграцияларын қажет етеді. Бұл дағдылардың негізінде кешенді ойлау, логикалық пайымдау және коммуникативті дағдылар жатыр [15, 16, 17, 18].

Трансверсалды дағдылар бұл студенттердің өз білімдері, біліктері және дағдылары бойынша өзіндік рефлексияға ықпал ететін құндылықтар мен көзқарастар, сонымен бірге қазіргі қоғамдағы әртүрлі талаптар мен тез өзгеретін жағдайларға сәйкес бейімделу қабілетін қалыптастыруды білдіреді [19]. Болашақ мамандар кәсіби даярлану үдерісінде трансверсалды дағдыларды игеру арқылы өз білімдерін болашақ кәсіби қызметінде оңай көрсете алады, табысты дағдыларды байқатады.

«Жұмыс берушілердің дағдыларға деген қажеттіліктері» туралы пилоттық еуропалық сауалнамаға сәйкес жұмыс берушілер мен компаниялар болашақ мамандардың бойларынан: топта жұмыс жасай білу, автономды жұмысты ұйымдастырудағы икемділік, коммуникативті дағдыларын, компанияның мәнмәтінінде әрекет ету қабілетін, өзінің қателіктерін мойындауды, конструктивті сынды қабылдай алуды, қиын жағдайларда әрекет ете білу қабілетін, білім алуға құштарлықты, өзбеттілікті, сыпайылықты, позитивті жүріс-тұрысты, қарым-қатынас пен жазбаша өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларын тиімді пайдалану және бейімделу қабілетін көргісі келеді [10].

Жоғары білімнің басты басымдығы – түлектерге еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік беретін трансверсалды дағдыларды қалыптастыру болуы тиіс. Бұл дағдылар қазіргі таңда жұмыс берушілер тарапынан сұранысқа ие, себебі олар мамандарға тез өзгеретін экономикалық, технологиялық және әлеуметтік жағдайларда тиімді жұмыс істеуге көмектеседі. Білім берудің маңыздылығы сақталғанымен, педагог мамандар үшін кәсіби жетістікке жетуде трансверсалды дағдылардың рөлі арта түсуде. Пәндік бағытына қарамастан, әр педагог өз ойын нақты жеткізе білуі, тұлғааралық қатынас орната алуы, іс-әрекетті үйлестіріп, көшбасшылық пен эмоционалды интеллектке ие болуы қажет.

Бүгінде трансверсалды дағдыларды зерттейтін және дамытуды көздейтін бірқатар ғылыми жобалар іске асырылуда. Солардың бірі – Кипр педагогикалық институтының ATS2020 – Assessment of Transversal Skills 2020 жобасы. Жоба XXI ғасыр азаматына қажетті трансверсалды дағдыларды түсіну, дамыту және бағалау құрылымдарын зерттеуді көздейді. Онда осы дағдылардың цифрлық дәуірдегі маңызы мен білім беру саласында қолданылу жолдары талданады [20].

ATS2020 жобасында трансверсалды дағдылар soft skills (жұмсақ дағдылар) ретінде қарастырылады. Hard skills нақты білім мен кәсіби машықтарды қамтып, оқыту мен бағалауға ыңғайлы болса, soft skills жеке тұлғалық және әлеуметтік өзара әрекеттестікке байланысты, өлшеуге қиын дағдылар ретінде сипатталады. Оларға қарым-қатынас, ынтымақтастық, сыни ойлау, мәселе шешу дағдылары жатады.

Жоба контекстінде трансверсалды дағдылар – түрлі пән аясында дамиды, әрі мектептен бастап жеке және қоғамдық өмірде табысқа жетуге ықпал ететін негізгі қабілеттер жиынтығы ретінде сипатталады. ATS2020 аясында автономды оқыту, ынтымақтастық, қарым-қатынас, цифрлық сауаттылық, шығармашылық және инновацияға ерекше назар аударылады.

Сонымен қатар, XXI ғасыр дағдыларын анықтауға бағытталған халықаралық деңгейдегі бірқатар негіздемелік бағдарламалар жасалуда. ATS2020 жобасы осы фреймворктарға талдау жүргізіп, оларды трансверсалды дағдылар жүйесіне бейімдеу мүмкіндіктерін қарастырады [20].

VISKA Project – Briefing paper on Transversal Skills жобасы трансверсалды дағдыларды бағалау арқылы оларды анықтауда трансұлттық консенсус пен ортақ тілді дамытуға, сондай-ақ валидация критерийлерін әзірлеуге және құжаттауға үлес қосуға бағытталған. Жоба аясында CEDEFOP, ELGPN, ESCO, UNESCO, Skills Panorama (EC), Conference Board of Canada және басқа ұйымдар ұсынған трансверсалды дағдылардың анықтамалары талданды. Бұл анықтамалар мазмұны бойынша әртүрлі болғанымен, барлығы дағдылар мен құзыреттердің (негізгі дағдылар, жұмысқа жарамды дағдылар, XXI ғасыр дағдылары және т.б.) өзара байланыстылығын көрсетеді. VISKA жобасында трансверсалды дағдылар нақты пәндер мен салаларға байланысты емес, бірақ әртүрлі жағдайларда қолдануға болатын әмбебап дағдылар ретінде қарастырылады. Олар білім алушылардың өзгерістерге бейімделуіне және өнімді өмір сүруіне мүмкіндік береді деп түйінделеді [14].

Transversal Skills in TVET: Policy Implications шолуында Азия-Тынық мұхиты аймағындағы 13 елдің (Австралия, Бангладеш, Бруней-Даруссалам, Камбоджа, Қытай, Индонезия, Жапония, Малайзия, Моңғолия, Корея Республикасы, Шри-Ланка, Тайланд, Вьетнам) трансверсалды дағдыларға қатысты түсініктері мен саяси ұстанымдары талданған. Зерттеуде аймақтық даму перспективалары, саясат пен тәжірибе арасындағы байланыс және саясатты жүзеге асыруға әсер ететін факторлар анықталған. Оқытушылар бұл үдерісте маңызды рөл атқарғанымен, келесі қиындықтарға жиі ұшырайды:

- трансверсалды дағдыларды меңгертудегі жауапкершіліктің нақты бөлінбеуі;
- оқу бағдарламаларының қатаңдығы мен шектен тыс жүктемесі;

- инновациялық әдістерді қолдану үшін қажетті әлеуеттің болмауы;
- бағалау тәсілдерінің жеткіліксіздігі [21].

New Tools for the Integration of Transversal Skills in Modern Teaching Practice (TRANSMOD) жобасы (Румыния, Исландия, Норвегия) трансверсалды дағдыларды заманауи педагогикалық тәжірибеге енгізуге арналған практикалық нұсқаулықтар мен пайдалы құралдар әзірледі. Жоба аясында педагогтар тек өз дағдыларын емес, сонымен қатар білім алушылардың дағдыларын дамытуға да баса назар аударуы тиіс деп көрсетіледі. TRANSMOD жобасы румындық оқытушыларды қазіргі оқыту әдістеріне бейімдеу мақсатында Исландия мен Норвегия университеттерінің инновациялық тәжірибесін қолдануға негізделген.

Жобаның негізгі мақсаттары:

- жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыру үшін жеке және трансверсалды құзыреттерді дамыту;
- жоғары оқу орындарының еңбек нарығы мен қоғам қажеттіліктері туралы хабардарлығын күшейту;
- серіктес университеттерге өтпелі дағдыларды интеграциялау үшін білім беру бағдарламаларына арналған әдістемелік құрал дайындау;
- ресми білім беруде өтпелі дағдыларды алға жылжыту үшін жаңа жұмыс стратегиялары мен құралдарын әзірлеу [22].

Бұл жобалар жоғары оқу орындарының стратегиялары мен оқу бағдарламаларында трансверсалды құзыреттерге ерекше көңіл бөлінетінін айқындайды.

Зерттеудің басты **мақсаты** – Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында трансверсалды дағдыларды дамытудың шетелдік тәжірибелерге негізделген теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау және бұл дағдылардың қалыптасу деңгейін тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда бағалау.

Осы мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** белгіленді:

1. Трансверсалды дағдылардың ұғымдық мәнін, тарихи-теориялық даму эволюциясын және педагогикалық үдерістегі рөлін ғылыми әдебиеттер мен заманауи зерттеулер негізінде жүйелеу;
2. Алыс шетелдердегі ғылыми жобаларға салыстырмалы контент-талдау жүргізу арқылы трансверсалды дағдыларды дамытуға арналған заманауи әдіснамалар мен құрылымдық компоненттерді айқындау;
3. Жоғары оқу орындарының білім алушылары арасында эмпирикалық зерттеу жүргізу арқылы олардың трансверсалды дағдыларды меңгеру деңгейін бағалау және диагностикалық көрсеткіштерді талдау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу теориялық және эмпирикалық тәсілдерді қамтитын кешенді аралас әдіснамалық негізде жүргізілді. Мақсатқа сәйкес, трансверсалды дағдыларды дамытуға қатысты шетелдік ғылыми жобалар мен заманауи тәжірибелерге салыстырмалы контент-талдау жасалды. Сонымен қатар Қазақстанның екі жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың трансверсалды дағдыларды меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған сипаттамалық-диагностикалық зерттеу өткізілді.

Теориялық кезеңде трансверсалды дағдылардың ұғымдық негіздері, педагогикалық әдіснамалары және халықаралық жобалар (ATS2020, VISKA, TRANSMOD, TVET және т.б.) мазмұны жүйелі түрде талданып, салыстырмалы, тарихи-логикалық және мазмұндық интерпретация әдістері қолданылды. Сондай-ақ UNESCO, ESCO, CEDEFOP әзірлеген фреймворктардың құрылымы зерттеліп, олардың отандық жүйеге сәйкестігі бағаланды.

Эмпирикалық кезең 2022–2024 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде педагогикалық бағыттағы студенттермен өткізілді. Барлығы 150 студент қамтылды: эксперименттік топ – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», бақылау тобы – «Педагогика және психология» мамандықтарының студенттері. Іріктеу критерийі ретінде оқу мазмұнының интеграциялық әлеуеті есепке алынды.

Диагностикада келесі құралдар қолданылды:

- «XXI ғасырдың цифрлық дағдылары» шкаласы (E. van Laar және авторлар),
- сыни ойлау деңгейін анықтау әдістемесі (Starkey Lauren, Э.В. Лутсенко нұсқасы),
- Киртонның инновациялық ойлау стильдері шкаласы,
- коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер сауалнамасы (В.В.Синявский, В.А.Федороцин),
- ERI-Net (UNESCO, Phase III) әдістемелік платформасы.


Сауалнама мен тестілеу нәтижелері сипаттамалық статистика әдістерімен (пайыздық көрсеткіштер, жиілік, деңгейлік жіктеу) өңделіп, диаграммалар мен кестелерде көрнекі түрде ұсынылды. Ашық жауаптар сапалық тұрғыдан мазмұндық жіктеу арқылы сараланды.

Нәтижелер мен талқылау. Трансверсалды дағдылар болашақ педагогтардың жан-жақты дамыған маман болып қалыптасуына, өзгеріп жатқан қоғамға бейімделуіне және кәсіби өсуіне мүмкіндік беретін құндылықтардың бірі болып табылады. Осыған орай, 2022-2024 жылдар аралығында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетін-

де педагогикалық ғылымдар саласында болашақ педагогтар арасында трансверсалды дағдылардың дамуын бағалау мақсатында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді.

Жоғарыда аталған университеттердің педагогикалық топтағы «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының студенттері эксперименттік топқа, ал «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының студенттері бақылау тобына қатысқан, барлығы 150 студент.

Жүргізілген сауалнамаға қатысқан студенттердің басым көпшілігі, яғни 92% (34) «трансверсалды» ұғымымен таныс, ал 8% (16) бұл ұғымдармен таныс еместігін көрсетті. Сондай-ақ, олардан «трансверсалды дағдылар» және «трансверсалды құзыреттілік» ұғымдары туралы білетін-білмейтіндері сұралды. Бұл сұраққа жауап берген респонденттердің трансверсалды дағдылардың жоғары білім беру жүйесінде даму деңгейін анықтайтын көрсеткіштері (1 сурет).



1 сурет – «Трансверсалды дағдылар» және «Трансверсалды құзыреттілік» ұғымдары туралы білесіз бе?

Трансверсалды компетенция деңгейін анықтау үшін, XXI ғасырдың дағдысы ретінде кеңінен танылған көпшілігі респонденттердің (38%) білім беру үдерісінде зерттеу дағдылары дамитынын, 26% – тұлғааралық дағдылардың дамуын маңызды деп санайды. 10% респонденттер сыни және инновациялық ойлауға назар аударатынын, қалған 10% – технологиялық дағдыларға, ал 6% – көшбасшылық дағдыларды дамытуға көңіл бөледі. Дегенмен, барлық трансверсалды дағдылар қазіргі цифрлық ғасырдың құндылықтары болып табылады (сурет 2).



2 сурет – Сіздің оқу әрекеттеріңізді қалыптастыру немесе дамытуға бағытталған қандай трансверсалды дағдылар бар?

Трансверсалды дағдылардың маңызды құрамдас бөлігі болашақ педагогтардың ақпараттық және цифрлық сауаттылығы болып табылады. Осыған орай, экспериментке қатысқан 50% (25 студент) АКТ ресурстарын PDF, DOC, PPT форматтарында жұмыс құралы ретінде пайдаланады, қалған 28% (14 студент) электрондық оқу платформасы, электронды пошта сияқты коммуникациялық платформаларды пайдаланатындарын және 22% (11 студент) модельдеу бағдарламаларын студенттер үшін оқу құралдары деп есептейді. XXI ғасырдың ұрпағының қабілеттері мен мүмкіндіктері әртүрлі болғандықтан, оқу үдерісі әртүрлі форматтарда ұйымдастырылуы қажет. Осы кезеңде трансверсалды дағдылардың осы құрылымы білім беруде маңызды рөл атқаратыны айқын көрінеді (3 сурет).



3 сурет – Оқу үдерісінде АКТ маңызы

Трансверсалды құзыреттілік және ХХІ ғасыр дағдыларымен байланысты зерттеулерді талдау Қазақстандағы жоғары білімнің даму деңгейі мен құрылымының әртүрлілігін және көптеген компоненттерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, «трансверсалды құзыреттілік» және «трансверсалды дағдылар» ұғымдарының теориялық негіздерін зерттеу олардың анықталуы мен жүйеленуінің негізіне айналды. Кәсіби білім беру үшін трансверсалды құзыретті мамандарды, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, іс-әрекетке бағытталған инновациялық білім беру жүйесінің интербелсенді әдістері, цифрлық білім беру ресурстары негізінде жүзеге асырылады.

Әдебиетті талдаудың нәтижелері бойынша экспериментке қатысқан студенттердің трансверсалды дағдыларының келесі үш негізгі тобын анықтауға мүмкіндік берді: когнитивтік дағдылар; әлеуметтік дағдылар; эмоционалдық дағдылар.


Студенттердің трансверсалды дағдыларын дамытуға бағытталған эмпирикалық зерттеулерде келесі сауалнамалар қолданылды (кесте 1).

1 кесте – Студенттердің трансверсалды дағдыларын диагностикалау көрсеткіштері мен құралдары

Өлшемдер	Сауалнамалар	Көрсеткіштер
Оқу және инновациялар мен ақпараттық сауаттылық дағдылары	- «ХХІ ғасырдың цифрлық дағдылары жұмыс істейтін мамандар үшін: концептуалдық даму және эмпирикалық валидация» (Ester van Laar, Alexander JAM van Deursen, Jan AGM van Dijk, Jos de Haan). - «Критикалық ойлау дағдылары» (Starkey Lauren, Э.В. Лутсенконың бейімдеген үлгісі). - Киртонның «Инновациялық ойлау түрлері» тесті; - «Коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер» (В.В. Синявский, В.А. Федорошин); - ERI-Net Азия-Тынық мұхиты аймағындағы оқытушыларды ХХІ ғасырдағы оқу сын-тегеуріндеріне дайындау және қолдау бойынша аймақтық саяси баяндама (Phase III)".	•Коммуникативтік дағдылар; •Топтық жұмыс дағдылары; •Ұйымдастырушылық дағдылар; • Мәселелерді шешу; • Ынтымақтастық; • Инновациялық ойлау; • Сыни тұрғыдан ойлау; • Ақпараттық сауаттылық, ақпаратты бағалау; • Шығармашылық

Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту трансверсалды құзыреттіліктердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. М.И. Карагозина шығармашылық ойлауды дамытуға арналған жұмыстарында әсіресе ұстаздар үшін сыни тұрғыдан ойлау оқытуға ерекше назар аударады. М.И. Карагозина сыни тұрғыдан ойлауды бақылау, бағалау, талдау және ой елегінен өткізу арқылы алынған ақпаратты синтездеу, кейіннен әрекет ету негізі ретінде пайдалану үшін бағытталған тәртіпті әдіс ретінде анықтайды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, зерттеуге қатысқан студенттердің 23%-ы сыни тұрғыдан ойлау деңгейінің төмендігін көрсетсе, 9% – орташа деңгейін, ал 68% – жоғары деңгейін көрсетті (сурет 4).



4 сурет – Сыни тұрғыдан ойлау көрсеткіштері

Жоғары көрсеткіштер сыни тұрғыдан ойлау операцияларының даму деңгейін көрсетеді, яғни логика, индукция, дедукция, тиімді шешім қабылдау, ақпараттың сенімділігін тексеру, бағалаулар мен болжамдарды фактілерден ажырату, өз ойлау процестерінің шектеулерін мойындау, белгісіздік пен тәуекелдерді тану, оңтайлы шешімдер қабылдау, мақсаттар қою және оларды тиімді жүзеге асыру жолдарын табу. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары дамыған адам еңбек нарығында сұранысқа ие маман болып табылады.

Зерттеу нәтижелері бойынша, педагогикалық және психологиялық әдебиетте шығармашылық қабілеттер педагогтарда көп жағдайда күш-жігерді шоғырландыру, батылдық, ой еркіндігі, тәуекелге бейімділік, оптимизм, жоғары өзін-өзі бағалау деңгейі ретінде сипатталады. Бұл факторлар шығармашылықтың ерекшеліктерін тікелей анықтамаса да, шығармашылық қызметке айтарлықтай әсер етеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша, болашақ педагогтардың шығармашылық ойлау деңгейі бойынша респонденттердің 18%-ы жоғары деңгейде шығармашылық ойлауды көрсетті, 66%-ы орташа деңгейде, ал 16%-ы төмен деңгейде шығармашылық ойлауды көрсетті. Болашақ педагогтардың шығармашылық дағдыларының көрсеткіштері 5-суретте көрсетілген.



5 сурет – Шығармашылық ойлау дағдылары көрсеткіштері

Ақпараттық сауаттылық – болашақ педагогтардың кәсіби қызметінде жиі қолданылатын дағды. Ақпараттық сауаттылық – ақпаратты табу, талдау және пайдалану үшін қажетті трансверсалды дағды. XXI ғасыр ақпараттық ғасыр деп аталады, өйткені ақпарат көздерінің саны артты. Сондықтан ақпараттық сауаттылық дағдылары адамдарға өмір бойы тәуелсіз болуға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің жартысынан көбі ақпараттық сауаттылықтың орташа деңгейіне (58%) ие, ал 18%-ы жоғары деңгейде екендігін көрсетті. Бұл олардың ақпаратты тиімді талдап, бағалауға, қажетті ақпаратты кәсіби және тиімді пайдалануға, оның сенімділігін тексеруге назар аударып, ақпаратты қауіпсіз сақтауға ерекше мән беретініне дәлел.

Сонымен қатар, 24% респонденттер ақпарат көздерінің сенімділігін тексермеу, оларды тиімді пайдаланбау сияқты қателіктер жіберетіні анықталды. Болашақ педагогтардың ақпараттық сауаттылық деңгейінің көрсеткіштері 6-суретте көрсетілген.



6 сурет – Студенттердің ақпараттық сауаттылық деңгейінің көрсеткіштері

Сонымен, зерттеу нәтижелерінің көрсеткіштеріне сүйене отырып, біз білім беру бағдарламаларында осы дағдыларды қалыптастыру қажеттілігін байқадық. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының негізгі мақсаты – тек белгілі бір кәсіби біліктілікті меңгерген түлектерді дайындау ғана емес, сонымен қатар өз-өзін жетілдіру дағдыларын дамыту, бұл болашақ педагогтарға еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға және таңдалған кәсіби салада белсенді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, болашақ педагогтар трансверсалды дағдыларға ие болып, бәсекеге қабілетті бола алады және келесі ұрпаққа үлгі бола алады деп айтуға болады. Ұстаздар үшін маңызды трансверсалды дағдыларға коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер (коммуникативтік және жеке потенциалды жүзеге асыру), топтық жұмыс, мәселелерді шешу, ынтымақтастық, шығармашылық (мотивация, білім алу, рефлексия), сыни тұрғыдан және инновациялық ойлау, сондай-ақ ақпараттық сауаттылық (көрегендік, бейімделгіштік, икемділік) жатады. Бұл болашақ педагогтарды әлемдік еңбек нарығында өркендеуге қабілетті кәсіби мамандар ретінде даярлаудың мақсатты екендігін көрсетеді.

Талқылау. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының негізгі мақсаты – тек қоғамды мамандармен қамтамасыз ету ғана емес, сондай-ақ, цифрлық технологияларды пайдалана алатын, еңбек нарығында икемділік пен креативтілікке ие, топта жұмыс істей алатын және өз бетінше шешім қабылдай алатын, өз кәсіби шеберлігі мен азаматтық мәдениетаралық танымдары арқылы қоғамға жаңаша серпін бере алатын мамандар даярлау болып табылады. Бұл мақсатқа жету барысында болашақ мамандардың трансверсалды дағдыларын дамыту маңызды рөл атқарады. Отандық тәжірибеде көптеген ғалымдар трансверсалды дағдыларды дамыту мәселесіне назар аударып, көптеген зерттеулер жүргізген. Мысалы, Т.Н.Отарова Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (40%) мен М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (60%) педагогика және психология мамандықтарының оқытушыларына TRANSMOD (2014) жобасының сауалнамасы негізінде зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің 38%-ы жас мамандар болса, 10% еңбек өтілі 11-20 жылды

құрайтын оқытушылар, 21-30 жыл қызмет атқарған оқытушылар 27%, 31-40 жыл еңбек өтілі бар мамандар 19%, ал 41 жылдан астам ұстаздық тәжірибесі бар кәсіби мамандар 6%-ды құрады. Сауалнама нәтижесінде, екі жоғары оқу орнының оқытушылары арасындағы айырмашылыққа және аймақтық ерекшеліктерге қарамастан, зерттеуге қатысқан екі жоғары оқу орнындағы оқытушылардың жауаптары бір бағытта тоғысты. Зерттеу барысында анықталғандай, трансверсалды құзыреттіліктің көптеген құрылымдарының әлі де толық оқу жүйесіне кіріктірілмегендігі, сондай-ақ бұрыннан таныс кейбір құрылымдардың өте жақсы дамып келе жатқандығы байқалады. Бұл білім беру жүйесінің мамандарды дайындауда шығармашылық пен инновациялық ойлауға, жұмсақ және қатты дағдылардың дамуына, сондай-ақ әлемдік еңбек нарығын бағындыра алатын кәсіби мамандар дайындау бағытында құрылуы қажет екенін көрсетеді.

XXI ғасырдағы әлеуметтік-мәдени және экономикалық жағдайдағы өзгерістер тиімді маман мен оның құзыреттілігін түсінуде көптеген өзгерістерді тудырғанын атап өткен жөн. Технологиямен басқарылатын жылдам өзгеретін әлемде бәсекеге қабілетті болу үшін болашақ маман бір кәсіби контекстен екіншісіне ауысуға мүмкіндік беретін білім, дағдылар, икемділіктер мен құндылықтарды біріктіретін трансверсалды дағдыларға ие болуы керек. Трансверсалды дағдылар әдетте XXI ғасырдағы дағдылар ретінде қарастырылады және адамның технологиялық прогресс пен мәдениетаралық коммуникацияға қатысты мәселелерді шешу, жаңа идеялар мен ықтимал шешімдерді қалыптастыру, импровизациялау, тиімді өзара әрекеттесу, командада жұмыс істей білу, көшбасшы болу, эмоционалды интеллект, қарым-қатынас, алқалылық, эмпатия және т.б. тұлғааралық және тұлғаішілік дағдылар тиімді кәсіби қызметті іске асыру бағытында маңызды болып саналады.

Қорытынды. Трансверсалды дағдылар ғылыми-педагогикалық зерттеулерде негізгі дағдылар, негізгі құзыреттіліктер, жұмысқа орналасу дағдылары немесе XXI ғасырдағы дағдылар ретінде белгілі. Жоғарыда айтылғандай, трансверсалды дағдылар бірнеше негізгі компоненттерді қамтиды: проблемаларды бірлесіп шешу, цифрлық құзыреттілік, оқи білу және оқуды жалғастыра білу, бастамашылық және тәуелсіз ойлау, бейімделу, өміршеңдік, мәдени хабардарлық, өзін-өзі көрсету сияқты дағдыларды қамтиды (Whittemore A. H.); қарым-қатынас, топтық жұмыс, ынтымақтастық дағдылары, жоспарлау және ұйымдастыру, шығармашылық, есеп беру, үздіксіз оқуға ұмтылу (Біріккен Ұлттар Ұйымы); сыни тұрғыдан ойлау, ынтымақтастық дағдылары, коммуникативті дағдылар және инновация / шығармашылық (The Ontario Public Service). Бірақ ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, сыни ойлау, ынтымақтастық дағдылары, қарым-қатынас дағдылары және инновация/шығармашылық, транссауаттылық трансверсалды дағдылардың өзегі екенін көрсетеді.

Жаһандық технологиялар мен экономика ғасырының мәселелерін шешу үшін сыни тұрғыдан ойлау өмір бойы өте маңызды дағды болып табылады, бұл мәселелерді шешу қабілеті. Ынтымақтастықта жұмыс дағдыларын ортақ мақсатқа жету немесе ортақ мәселені шешу үшін бірлесіп алға жылжу мүмкіндігі ретінде қарастырады. Қарым-қатынас дағдылары ақпараттың әртүрлі түрлерін ұсынуды және алуды қамтиды, ал шығармашылық ойлау дағдылары – бұл мәселеге әр түрлі көзқараспен қарау және оны бағалау жоспарын жасау үшін қолданылатын әдістер. Транссауаттылық – бұл басқа адамдармен қарым-қатынастың сәттілігіне және коммуникативті кедергілерді жеңуге әсер ететін дағдылар.

Тұтастай алғанда, трансверсальды құзыреттер – бұл әртүрлі жағдаяттарда және жұмыс жағдайларында қолдануға болатын, оларды XXI ғасырда табысқа жету үшін қажет ететін ауыспалы және қайта қолданылатын дағдылар.

Ғылыми зерттеулерге негізделген мақала AP14870088 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Кононова В.А. Трансверсальность: эволюция модуля терминов через призму корпусов и других контекстов [Электронный ресурс] / В.А. Кононова // Вестник Пермского университета. Российская академия наук и зарубежная академия филологии. – 2020. – Т. 12, вып. 2. – С. 34-42. DOI: <https://doi.org/10.17072/2073-6681-2020-2-34-42>.
- 2 Цветков С.В. Критерии прочности трансверсально-изотропного алюминиевого материала различных классов симметрии структуры [Текст] / С.В. Цветков // Вестник МГТУ им. Н.Э. Баумана. Серии "Машиностроение". – 2009. – № 1. – С. 86-99.
- 3 Welsch W. Unsere postmoderne Moderne [Der Text] / W. Welsch. – Berlin: Akademie Verlag GmbH, 2002. – 346 s.
- 4 Павлова О.Н. Трансверсальная личность и современная нарциссическая реальность [Текст] / О.Н. Павлова // Вестник РУДН. Серия "Философия". – 2010. – № 3. – С. 11-19.
- 5 Миннуллина Е.Б. Сущность объекта как объекта социального познания [Текст] / Е.Б. Миннуллина. – Казань: КГЭУ, 2005. – 153 с.

- 6 **Моаньон Б. Трансверсальный менеджмент: как выйти из организационных силосов** [Электронный ресурс] / Б. Моаньон. – 2017. URL: <https://www.linkedin.com/pulse/transversal-management-how-break-out-organizational-silo-moineon> (дата обращения 10 ноября 2024).
- 7 **White Paper on the Future of Europe: Reflections and scenarios for the EU27 by 2025** [Text] / Brussels: European Commission. – 2017. – 32 p.
- 8 **European Commission. Report to the European Commission on Improving the quality of teaching and learning in Europe's higher education institutions** [Electronic resource]. – 2013. URL: http://ec.europa.eu/dgs/education_culture/repository/education/library/reports/modernisation_en.pdf (accessed 10 November 2024).
- 9 **ERI Net. Research framework for integrating non-cognitive/transversal competencies in education policy and practice (Phase III), Bangkok, UNESCO** [Electronic resource]. – 2015. URL: https://teachertaskforce.org/sites/default/files/2020-07/246852eng_1.pdf (accessed 22 February 2025).
- 10 **CEDEFOP. Piloting a European employer survey on skill needs** [Electronic resource] / CEDEFOP. Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2013. URL: https://www.cedefop.europa.eu/files/5536_en.pdf (accessed 22 February 2025).
- 11 **European Lifelong Guidance Policy Network Database, ELGPN Database** [Electronic resource]. URL: <https://www.elgpn.eu/elgpndb/view/251> (accessed 22 February 2025).
- 12 **ESCO. Towards a structured and consistent terminology on transversal skills and competences 3rd report to ESCO Member States Working Group on a terminology for transversal skills and competences (TSCs)** [Electronic resource]. – 2021. URL: <https://esco.ec.europa.eu/system/files/2022-05/MSWG%2014-04%20Report%20of%20the%20expert%20group%20on%20transversal%20skills%20and%20competences.pdf> (accessed 10 February 2025).
- 13 **UNESCO-UNEVOC. TVETipedia Glossary. Transversal skills** [Electronic resource]. URL: <https://unevoc.unesco.org/home/TVETipedia+Glossary/show=term/term=Transversal+skills#start> (accessed 22 February 2025).
- 14 **VISKA Project – Briefing paper on Transversal Skills** [Electronic resource]. URL: <https://ciencias.ulisboa.pt/sites/default/files/fcul/formacao/Briefing-paper-on-Transversal-Skills-Erasmus-e-VISKA-Visible-skills-of-adults.pdf> (accessed 10 February 2025).
- 15 **Voogt J., Roblin N.P. A comparative analysis of international frameworks for 21st century competencies: Implications for national curriculum policies** [Text] / J. Voogt, N.P. Roblin // *Journal of Curriculum Studies*. – 2012. – Vol. 44, No. 3. – P. 299-321.
- 16 **Saavedra A.R., Opfer V.D. Teaching and Learning 21st Century Skills: Lessons from Learning Sciences** [Electronic resource] / A.R. Saavedra, V.D. Opfer. – New York, Asia Society and RAND Corporation, 2012. URL: <http://asiasociety.org/files/rand-1012report.pdf> (accessed 13 March 2025).
- 17 **Trier U.P. 12 countries contributing to DeSeCo: A summary report** [Electronic resource] / U.P. Trier // D.S. Rychen, L.H. Salganik, M.E. McLaughlin. Contributions to the Second DeSeCo Symposium. Neuchâtel, Switzerland: Federal Statistical Office, 2013. URL: <http://www.oecd.org/edu/skills-beyond-school/41529505.pdf> (accessed 13 March 2025).
- 18 **Hipkins R., Boyd S., Joyce C. Documenting learning of the key competencies: What are the issues? A discussion paper** [Text] / R. Hipkins, S. Boyd, C. Joyce. – Wellington: New Zealand Council for Educational Research, 2005.
- 19 **Осипова И.В. Современные условия транспрофессиональной подготовки специалистов на основе системно-деятельностного, кластерного подходов в профессиональном педагогическом вузе** [Текст] / И.В. Осипова, Н.Н. Ильина, Н.И. Уляшин // *Современное педагогическое образование*. – 2021. – № 2. – С. 104-107.
- 20 **ATS2020 – Assessment of Transversal Skills 2020** [Electronic resource]. URL: <https://www.ats2020.eu/deliverables> (accessed 13 March 2025).
- 21 **Transversal Skills in TVET: Policy Implications** [Electronic resource]. URL: <https://www.boostskills.eu/files/5-234738eng-compressed.pdf> (accessed 13 March 2025).
- 22 **New Tools for the Integration of Transversal Skills in Modern Teaching Practice (TRANSMOD) (Romania, Iceland, and Norway)** [Electronic resource]. URL: <https://www.boostskills.eu/files/5-transversal-skills-development-in-modern.pdf> (accessed 13 March 2025).
- 23 **Отарова Т.Н. Трансверсалды құзыреттілік: білім беру жүйесіндегі маңыздылығы** [Мәтін] / Т.Н. Отарова // *ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы*. – 2021. – Том 66. – № 1. – 20-27 бб. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v66.i1.02>.

REFERENCES:

- 1 **Kononova V.A. Kononova V.A. Transversal'nost': e'volyuciya modulya terminov cherez prizmu korpusov i drugih kontekstov** [Transversality: evolution of the term through the prism of corpora and other contexts]. *Vestnik Permskogo universiteta. Rossijskaya akademiya nauk i zarubezhnaya akademiya filologii*, 2020, vol. 12, iss. 2, pp.34-42. DOI: <https://doi.org/10.17072/2073-6681-2020-2-34-42>. (In Russian)

- 2 **Cvetkov S.V. Kriterii prochnosti transversal'no-izotropnogo alyuminievogo materiala razlichny'h klassov simmetrii struktury'** [Strength criteria for transversely isotropic aluminum material of various structural symmetry classes]. *Vestnik MGTU im. N.E. Bauman. Seriya "Mashinostroenie"*, 2009, no. 1, pp. 86-99. (In Russian)
- 3 **Welsch W. Unsere postmoderne Moderne.** Berlin, Akademie Verlag GmbH, 2002, 346 p. (In German)
- 4 **Pavlova O.N. Transversal'naya lichnost' i sovremennaya narcissicheskaya real'nost'** [Transversal personality and modern narcissistic reality]. *Vestnik RUDN. Seriya "Filosofiya"*, 2010, no. 3, pp. 11-19. (In Russian)
- 5 **Minnullina E.B. Sushhnost' ob"ekta kak ob"ekta social'nogo poznaniya** [The essence of an object as an object of social cognition]. Kazan, KGEU, 2005, 153 p. (In Russian)
- 6 **Moan'on B. Transversal'ny'j menedzhment: kak vy'jti iz organizacionny'h silosov** [Transversal management: how to break out of organizational silos]. 2017, available at: <https://www.linkedin.com/pulse/transversal-management-how-break-out-organizational-silo-moineon> (accessed 22 February 2025). (In Russian)
- 7 **White Paper on the Future of Europe: Reflections and scenarios for the EU27 by 2025.** Brussels, European Commission, 2017, 32 p.
- 8 **European Commission. Report to the European Commission on Improving the quality of teaching and learning in Europe's higher education institutions.** 2013, available at: http://ec.europa.eu/dgs/education_culture/repository/education/library/reports/modernisation_en.pdf (accessed 22 February 2025).
- 9 **ERI Net. Research framework for integrating non-cognitive/transversal competencies in education policy and practice (Phase III), Bangkok, UNESCO.** 2015, available at: https://teachertaskforce.org/sites/default/files/2020-07/246852eng_1.pdf (accessed 22 February 2025).
- 10 **CEDEFOP. Piloting a European employer survey on skill needs.** 2013, Luxembourg, Publications Office of the European Union, available at: https://www.cedefop.europa.eu/files/5536_en.pdf (accessed 22 February 2025).
- 11 **European Lifelong Guidance Policy Network Database, ELGPN Database.** Available at: <https://www.elgpn.eu/elgpn/db/view/251> (accessed 22 February 2025).
- 12 **ESCO. Towards a structured and consistent terminology on transversal skills and competences 3rd report to ESCO Member States Working Group on a terminology for transversal skills and competences (TSCs).** 2021, available at: <https://esco.ec.europa.eu/system/files/2022-05/MSWG%2014-04%20Report%20of%20the%20expert%20group%20on%20transversal%20skills%20and%20competences.pdf> (accessed 22 February 2025).
- 13 **UNESCO-UNEVOC. TVETipedia Glossary. Transversal skills.** Available at: <https://unevoc.unesco.org/home/TVETipedia+Glossary/show=term/term=Transversal+skills#start> (accessed 22 February 2025).
- 14 **VISKA Project – Briefing paper on Transversal Skills.** Available at: <https://ciencias.ulisboa.pt/sites/default/files/fcul/formacao/Briefing-paper-on-Transversal-Skills-Erasmus-e-VISKA-Visible-skills-of-adults.pdf> (accessed 22 February 2025).
- 15 **Voogt J., Roblin N.P. A comparative analysis of international frameworks for 21st century competencies: Implications for national curriculum policies.** *Journal of Curriculum Studies*, 2012, vol. 44, no. 3, pp. 299-321.
- 16 **Saavedra A.R., Opfer V.D. Teaching and Learning 21st Century Skills: Lessons from Learning Sciences.** 2012, New York, Asia Society and RAND Corporation, available at: <http://asiasociety.org/files/rand-1012report.pdf> (accessed 13 March 2025).
- 17 **Trier U.P. 12 countries contributing to DeSeCo: A summary report.** D.S. Rychen, L.H. Salganik and M.E. McLaughlin, Contributions to the Second DeSeCo Symposium, Neuchatel, Swiss Federal Statistical Office, 2013. Available at: <http://www.oecd.org/edu/skills-beyond-school/41529505.pdf> (accessed 13 March 2025).
- 18 **Hipkins R., Boyd S., Joyce C. Documenting learning of the key competencies: What are the issues? A discussion paper.** Wellington, New Zealand Council for Educational Research, 2005.
- 19 **Osipova I.V. Sovremennyye usloviya transprofessional'noj podgotovki specialistov na osnove sistema-deyatelnostnogo, klasternogo podhodov v professional'nom pedagogicheskom vuze** [Current conditions for transprofessional training of specialists based on system-activity and cluster approaches in pedagogical universities]. *Sovremennoe pedagogicheskoe obrazovanie*, 2021, no. 2, pp. 104-107. (In Russian)
- 20 **ATS2020 – Assessment of Transversal Skills.** 2020, available at: <https://www.ats2020.eu/deliverables> (accessed 13 March 2025).
- 21 **Transversal Skills in TVET: Policy Implications.** Available at: <https://www.boostskills.eu/files/5-234738eng-compressed.pdf> (accessed 13 March 2025).

22 **New Tools for the Integration of Transversal Skills in Modern Teaching Practice (TRANSMOD) (Romania, Iceland and Norway).** Available at: <https://www.boostskills.eu/files/5-transversal-skills-development-in-modern.pdf> (accessed 13 March 2025).

23 **Otarova T.N. Transversal'dy kuzyrettilik: bilim беру zhuesindegi manyzdylygy** [Transversality: its significance in the education system]. *QazUU Habarshysy. Pedagogikalyk gylymdar seriyasy*, 2021, vol. 66, no. 1, pp. 20-27. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v66.i1.02>. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

Асылбекова Марзия Пазыловна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010008 Астана қ., Сатпаев көш. 2, тел.: 87172709500, e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru.

Санатбай Перизат Айбекқызы – PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010008 Астана қ., Сатпаев көш. 2, тел.: 87474246746, e-mail: sanatbayperizat@mail.ru.*

Батанасова Бақытгүл Ергалиқызы – PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010008 Астана қ., Сатпаев көш. 2, тел.: 87016532614, e-mail: b.ergalievna@mail.ru.

Асылбекова Марзия Пазыловна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010008 г. Астана, ул. Сатпаева 2, тел.: 87172709500, e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru.

Санатбай Перизат Айбекқызы – PhD докторант, Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010008 г. Астана, ул. Сатпаева 2, тел.: 87474246746, e-mail: sanatbayperizat@mail.ru.*

Батанасова Бақытгүл Ергалиқызы – PhD докторант, Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010008 г. Астана, ул. Сатпаева 2, тел.: 87016532614, e-mail: b.ergalievna@mail.ru.

Assylbekova Marzia Pazylovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, 2 Satpayev Str., tel.: 87172709500, e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru.

Sanatbay Perizat Aibekkyzy – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, 2 Satpayev Str., tel.: 87474246746, e-mail: sanatbayperizat@mail.ru.*

Batanassova Bakytgul Yergalikyzy – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, 2 Satpayev Str., tel.: 87016532614, e-mail: b.ergalievna@mail.ru.

XFTAP 14.01.21

ӨОЖ 303

<https://doi.org/10.52269/KGTD253247>

ЖОБАНЫ ОРЫНДАУ САПАСЫ: СТУДЕНТТЕР КӨЗІМЕН

Ахметова Г.Е. – философия докторы, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.*

Әли М.Т. – профессордың ассистенті, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы, студенттердің оқу сапасын арттыру мақсатында әр түрлі оқыту әдістерін қолдануды жалғастырып келеді. Студенттердің жоба дайындау тәжірибесі, қиындықтар мен мүмкіндіктер аясында тақырыптар зерттеліп бас-талған. Осы тақырыпты одан әрі тереңдей зерттеу мақсатында студенттердің өз жобаларын өздері қалай бағалайтынын зерттегіміз келді. Олардың «біз жобаны жақсы орындап шықтық» деген пікірдің астында қандай сенімділік бар екенін; не болмаса «көңілден шықпады» деген пікір не себептен айтылатынын анықтауды жөн көрдік. Сол себептен, зерттеудің мақсаты, студенттердің өз жобасына берген бағасының негізі қандай сұрағына жауап іздедік. Зерттеу дизайны – аралас әдіс. 2020-2021 оқу жылында сауалнамаға қатысқан студенттер саны – 194. 2021-2022 оқу жылында студенттер арасында фокус группа негізінде үш сұхбат жүргізілді. Қатысушылар саны – 11. Сұхбат сұрақтары сауалнама жауаптарының негізінде құрастырылды. Зерттеу нәтижесі, студенттердің басым көпшілігі, яғни 92% (178) жобаны орындаудың ұнағанын пайымдаған. Фокус группа сұхбатында, топ болып мәселелерді бірігіп шешкендері, қосымша ақпарат іздеу жолдары, студенттер арасында сауалнама өткізу үрдісі қызықты әрі тез өткендігін баяндайды. Қалған 11%